

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

Араб Египет Республикасына шет елдерден келетін көмек көлемі кемімеді, жылына 2,5-3 млрд. долл. шамасында тұрақты болды. Артында АҚШ пен Евроодақ тұрған USAID және MEDA бағдарламаларының бағыты Египет экономикасына едәуір ықпал етті.

Египетке 1979 ж. жасалған Кэмп-Дэвид келісімі үшін «сыйақы» ретінде америкалық көмектің көлемі жылына 2 млрд. долл. құрады. Оның ішінде 1,3 млрд. долл. – әскери көмек болса, 0,8 млрд. долл. – экономикалық жәрдем болды. Вашингтон бастамасымен бұл көмектің экономикалық компоненттері алдағы он жыл бойы бірте-бірте азайып отыратын болды, (0,4 млрд. долл. дейін) оның есесіне Египет Араб Республикасы экономикасының әртүрлі салаларында тікелей америкалық инвестициялар көлемі артатын болды.

Египетке жасалған еуропалық экономикалық көмек жылына 500 млн. долл. құрады. Бұл көмектің америкалық көмектен басты айырмашылығы - бөлінген қаржының мақсаты - заманауи өнеркәсіп кәсіпорындарын салу, инфрақұрылым мен коммуникация объектілерін модернизациялауға жұмсалады.(6.46)

Тұрақты жүргізілген шаралардың нәтижесінде Египетте инфляция деңгейінің біршама төмендегені байқалды (1999 ж. 4 % аз болды.), ұлттық валюта курсының - египеттік фунттың - орнықтылығын ЕАР Орталық банкі сақтап отырды. Сондай-ақ, негізгі тұтыну тауарларының (шет елден келген) әсіресе, тұрғындардың аз қамтылған топтарының тұтынушы қоржынын құрайтын тұтыну тауарларының бағасы тікелей ұлттық валюта курсына бағынышты болды.

1991 ж. бастап Египетте экономика құрылымын өзгертуге бағытталған және ресурстардың, сауда пен өнеркәсіпті қолданудың тиімділігін арттыру мақсатында реформалар жүргізіле бастады.

Бұл жүргізілген реформалардың үш негізгі бағыттары: мемлекеттік секторды жекешелендіру, сыртқы сауда мен инвестицияны тарту мен ынталандыру және аграрлық реформа болды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Васильев А.М. Египет и египтяне.- М., 2008, [225 с.]
2. Андреасин Р.Н. Капитализм в арабском мире: генезис, эволюция, противоречия. /Арабские страны. История, экономика, политика. //Сб-к статей. Изд. «Наука».- М., 1986,[10 с.]
3. Арабский мир.- М., 1990,[с 7-9.]
4. Абдуллах Рафид Али. Социально-экономические преобразования в развивающихся странах (на примере Египта) //Канд.дисс.- М., 1999, 138 с.
5. Марказ ад-дирасат ас-сийасийа уа-ль-истратиджийа биль-Ахрам. Ат-такрир аль-истратиджий аль-арабий. - Каир., 1994, [444 с.]
6. Аль – Хаят. - Каир., 2000,[2 с.]

ӘОЖ 327.8(510)

ҚХР СЫРТҚЫ САЯСИ СТРАТЕГИЯЛАРЫ МЕН КОНЦЕПЦИЯЛАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Нұрғали Аида Сәбитқызы

Aida_nurgali@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті Халықаралық Қатынастар факультетінің «Шығыстану» кафедрасының 4-курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – Қайыркен Т.З.

Қытайдың сыртқы саясатының бағыттары 1960-1990 жылдардағы ҚХР-дың сыртқы саяси концепцияларының дамуымен тікелей байланысты.

Қырғиқабақ соғыстың аяқталуы, КСРО күйреуі мен екіполюсті әлемнің құлдырауынан бұрын да Қытай басшылығы сыртқы әлеммен өзгелерден ерекше, бірақ нәтижелі қарым-қатынас бағытын орнатып алды. Оны орнату үдерісі салмақты әрі қадам-қадаммен жүргізілді, бұл жалпы қытайлық реформаларға тән болды және нәтижесінде үнемі өзгеріп тұратын әлем жағдайындағы көрші елдермен жасалатын келісімдер мен шарттарға деген ҚХР-дың осы сияқты прагматикалық әрі есепшіл қатынасын алдын-ала анықтап қойған болатын.

ҚХР-дың алғашқы концепцияларында саяси экстремизм концепциялары мен Қытай басшыларының теориялық тәжірибесіздігінің әсері, сонымен қоса Азаматтық соғыс жылдарында-ақ қалыптасып қойған саяси күрес жүргізу әдістерінің стереотиптілігі айқын көрініс тапты. Осы кезеңдегі ҚХР-дың халықаралық концепцияларының қалыптасуына XX ғасырдың екінші жартысында орын алған Азиядағы аймақтық конфликтері жағдайындағы геоясаяси фактор үлкен рөл ойнады.

1980-1990 жылдар аралығы Қытайдың сыртқы саяси концепцияларының қалыптасу үдерісі үшін бетбұрыс кезеңі болды. Бұл уақытта ҚХР басшылығының ой-бағыттарының эволюциясы үдерісінің аяқталуын бақылауға болады – «соғыстар мен күйзелістер» концепциясынан оған мүлде қайшы "бейбітшілік пен даму» концепциясына өту орын алды. Қытайда басқа мемлекеттермен бірігіп даму негізінде «бейбіт жоғарылауға» бағыт алынды. Даму мақсаттарына қол жеткізу үшін елге уақыт, қаржы және шетелдік ғылыми-техникалық, технологиялық қарыздар қажет екендігіне Қытайлық басшылар көз жеткізді. Бейбіт жағдайда өмір сүру мен халықаралық шиеленістерге Қытайдың қатыспауын қамтамасыз етуге деген қызығушылық пайда болды.

Осылайша Қытай басшылығы бітімге келмейтін күреске негізделген тұрақты дұшпандық қарым-қатынас жүргізуден бас тартады. Бейбіт тұрақты ортаны қамтамасыз етумен байланысты мәселелер, экономикалық және ғылыми-техникалық байланыстардың құрылымындағы Қытайдың орнын оңтайландыру перспективасына тікелей тәуелді даму сұрақтары алдыңғы қатарға қойылды. Қытай мамандарының айтуы бойынша, Қытайдың қауіпсіздік саясаты «дұшпандық әлемде аман қалу үшін күрестен халықаралық тұрақсыздықтың алдын алу мен ұзаққа созылған ынтымақтастыққа ұласты»[1].

«Бейбіт қатар өмір сүрудің бес қағидасын» 1953 жылдың соңында Мемлекеттік Кеңестің Премьері Чжоу Энлай Үндістан делегациясымен кездесу кезінде алғаш рет ұсынған болатын, бұл – мемлекеттер арасында қалыпты қарым-қатынастарды орнату және де алмасу мен ынтымақтастықты жүзеге асыру кезінде басшылыққа алынуы тиіс негізгі қағидалар саналады. 1. Егемендік пен аймақтық тұтастықты өзара құрметтеу. 2. Өзара шабуыл жасамау. 3. Ішкі істерге қол сұқпау. 4. Теңдік пен өзара тиімділік. 5. Бейбіт қатар өмір сүру. Бұл бес қағида Қытайдың тәуелсіз бейбіт дипломатиялық саясатты ұстануының негізі және толық көрінісі, әлемнің көптеген елдерімен қабылданған және үлгілі халықаралық қатынастардың басты ережесіне айналған [2]. 1990 жылдың ортасына қарай 150-ден астам мемлекет, соның ішінде АҚШ, Жапония, Ресей, т.б. сияқты жетекші державалар осы бес қағиданы ҚХР-мен қатынас орнатудағы басты нормативтік негіз ретінде мойындаған.

1984 жылдың қазан айында Дэн Сяопин алғаш жариялаған «бейбітшілік пен даму» теориясы – тағы бір маңызды концепция болып табылады. Бұл концепцияда қазіргі әлемдегі жаһандық сипатты иеленетін ең ірі деген стратегиялық проблемаларға бейбітшілік пен экономикалық проблема жатады. Басты назар халықаралық қатынастардың әскери-саяси аспектілеріне емес, саяси-экономикалық аспектілеріне аударылады. Бұл ҚХР-дың сыртқы саяси концепцияларындағы халықаралық ахуал анализінің әскери емес аспектілерінің салыстырмалы маңызының жоғарылауын тағы да дәлелдейді.

Экономикалық қайта құруларға ілескен Дэн Сяопиннің «кешенді мемлекеттік қуат» концепциясы да ҚХР басшылығын ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде әскери фактордың рөлін төмендету туралы қорытындыға әкелді. Оның мәні мынада: заманауи ахуалдарда мемлекеттің күш-қуаты мен оның әлемдік аренаға әсер етуі тек мемлекеттің әскери

потенциалымен ғана емес, оның экономикалық және ғылыми-техникалық дамуымен, және де ойластырылған сыртқы саяси бағытымен анықталады, сонымен бірге осы жердегі үстемдік ететін фактор – мемлекеттің экономикалық потенциалы [3]. ҚХР-ды әлемдік қауымдастықтың аса ықпалды мүшесіне айналдыру мақсатында қытайлық басшылықтың потенциалды жан-жақты арттыруға ұмтылуын осы көрсетілген теорияның салдары ретінде есептеуге болады.

1980 жылдардың соңында Қытай басшылығының халықаралық жағдайға талдау жасауында әлемге көпполюстілік позициясынан қарау идеясы басым болды. Бұл идея әлемдегі түрлі мемлекеттердің әлемдік сахнада тәуелсіз саяси бағыт жүргізуге деген ұмтылысын қамтып көрсетті және де «бір-екі аса ірі державаның» тұтастай үстемдік етуінің аяқталуын және халықаралық қатынастарды демократизациялауды білдірді. Бұл концепция қытай саясаттанушылары арасында кең өріс алды және Пекиннің әлемдік жағдайға деген ресми көзқарасы ретінде 1988 жылдың мамыр айында ҚХР Сыртқы істер Министрі Цянь Цичэннің сөзінде алғаш рет ұсынылды.

ҚХР көпполлярлық қағидасын іске асыруда Пекиннің өзі белсендірек рөлге ие болуға мүмкіндік беретін әлемдік тәртіпке салатын жолды көрді. Қытайдың сыртқы саясаты саласындағы қытайлық маман Дин Шичуаньның көзқарасы бойынша, көпполлярлық жағдай шартында Қытай басқа елдердің қарама-қайшылықтарымен ойнау мүмкіндігін көбірек иеленіп, бір уақытта көпполлярлықтың қоятын шектеулерінен аулақ жүруге бар күшімен тырысатын еді. Көпполлярлыққа деген қытайлық көзқарастың спецификасы «әлемдік тәртіп үйлесімді әрі қауіпсіз, себебі бұл тәртіпте жауласпайтындар жеңіс табады» деген қағидаға сәйкес Қытай басшылығының екіжақты қатынастарды жасауында жатыр [4].

Осы жағдайда антигегемонизм теориясының маңызы зор. Бұл концепция бір уақытта Қытайдың қарсыластар арасындағы қайшылықтарды ұтымды пайдалану саясатының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Осы концепция 1960 жылдардағы ҚХР саясатынан бастау алады, алайда оның қазіргі уақыттағы мағынасы түпкілікті өзгеріп кеткен.

«Қырғиқабақ соғысының» аяқталуынан кейін ҚХР қауіпсіздігіне тікелей қауіп-қатердің жойылуымен, Қытай сыртқы саясатының ілгерімелі дамуына басты қауіп, мамандардың ойынша, белгілі бір күштердің Қытайдың аймақтағы «бейбіт жоғарылауына» жол беруді қаламауына негізделген субъективті факторлардан төнді. Мысал ретінде Халық Өкілдерінің Бүкілқытайлық Жиналысының төрағасы Цяо Ши Ресми деңгейде жасаған мәлемдемесін келтіруге болады: «Гегемонизм мен күшке негізделген саясат қазіргі әлемде әлі күнге дейін сақталып қалды. Қытай, Оңтүстік Корея және басқа да бір-бірімен тығыз байланысқан және өздерінің дамуларында өркендеп жатқан бірқатар азиялық мемлекеттер гегемонизм мен күшке негізделген саясатқа қарсы өздерін қорғап шыға алады».

Көптеген қытайлық сарапшылар былай деп бөліп көрсетеді, Шығыс Азия мемлекеттері «гегемонистік күшке негізделген саясат жолын ұстанатын және өзін халықаралық жандарм ретінде бекітетін мемлекетпен өздерінің қауіпсіздігі мен тағдырларын байланыстыруды қаламайды. Қытайда осындай «әділетсіз» саясат бейбіт аймақтық дамудың негізі болған жоқ деп санайды. Дәл осы жағдайда АҚШ меңзеліп тұр, Қытайлық түсінік бойынша бұл мемлекет ҚХР ұлттық мүдделерінің саясат, экономика, қауіпсіздік сияқты барлық аспектілеріне ықпал етеді.

Осылайша, Пекин АҚШ-тың жай ғана «үстемдігіне» емес, түптеп келгенде, оның аймақтық қатысуына наразылық танытады да, сөйтіп өзінің сыртқы саясатының аймақтық векторларын бағыттайтын маңызды аспектілерінің бірін белгілеп көрсетеді.

Мемлекеттің ұлттық қуаты жоғарылай келе, АҚШ және басқа да шетелдік державалардың тарапынан көрсетілетін теріс әсерлерді болдырмау ұмтылысы қытайлық басшылықты қолданыстағы халықаралық тәртіпті сақтап қалудағы өзінің қатысуын кеңейтуге итермеледі. 1990-шы жылдардың бірінші жартысында ҚХР басшылығы бейбіт, тұрақты, әділ және ұтымды жаңа халықаралық тәртіпті орнату қажеттілігі туралы маңызды тұжырымдамалық ережелерді бекітті. 1997 жылы өткен ҚКП ОК XV съезінде Цзян Цзэмин ҚХР заманауи сыртқы саясатының негізгі постулаттарын белгілеп, төніп тұрған қауіптердің

қатарында әділетсіз әрі тиімсіз халықаралық экономикалық тәртіпті, сондай-ақ этникалық, діни, территориялық факторлардың кесірінен өршитін жергілікті қақтығыстарды бөліп көрсетті.

Жаңа халықаралық тәртіп концепциясын тек идеологиялық жүктемеге ие ғана емес, Пекиннің аймақтық саясатының негізгі әдістерін де қамтып көрсететін қазіргі кезеңдегі ҚХР сыртқы саясатының ең маңызды теориялық негізі ретінде қарастыруға болады. Ол қытай басшылығының мынадай түсініктеріне негізделген: халықаралық қауымдастықтың тәртібі – ұлттық мүдделердің «стандартталуына», ал халықаралық тәртіптің тұрақтылығы «көпшілік мақұлдаған стандарттарға» тәуелді болып келеді. Солай бола тұра, заманауи әлем екі негізгі өзгертудің енгізілуін қажет етеді деп бөліп көрсетіледі:

1. «Жаңа әлемдік саяси тәртіпті» бекіту.
2. «Жаңа әлемдік экономикалық тәртіпті» бекіту.

Ресейлік қытайтанушы А.А. Свешниковтың көзқарасы бойынша, қытайлық жаңа әлемдік тәртіп «Азия-Тынық мұхит аймағындағы бейресми көшбасшылыққа қол жеткізуді» де меңзеп тұрды [5]. Осындай тәсіл қытайлық сыртқы саясаттың дәстүрлі сұлбасына жақсы сәйкес келеді, АҚШ-тың аймақтағы мемлекеттердің көмегімен Қытайды тежеу әрекеттеріне қарсы тұру қажеттілігін қанағаттандырады, ал келешекте басқа да проблемаларды шешуге мүмкіндік беретін еді, себебі қарқынды өсіп келе жатқан Шығыс Азия мен Азия-Тынық мұхит аймағындағы көшбасшылық, аз дегенде, Қытай үшін әлемдік үдерістерде шешуші дауыс құқығының кепілдемесі болатын еді. Осылайша, берілген концепцияда Қытайдың аймақтық көшбасшылыққа деген ұмтылысын байқауға болады, бұл ұмтылыс Қытай ішкі дамуының қауіпсіздігін қамтамасыз етудің алғышарты ретінде көрініс табады.

Аталмыш кезеңдегі ҚХР сыртқы саясатының тағы бір теориясы – *«жаңа қауіпсіздік концепциясы»*. Қытайлық зерттеушілердің айрықша басып айтуларына, «қырғиқабақ соғысының» аяқталысымен соғыс альянстары да, бірдей саяси жүйе де бейбітшілік пен қауіпсіздіктің кепілі бола алмайды деген түсінік пайда болды [6]. Әскери одақтар формасында болған қорғаныс дипломатиясының дәстүрлі формаларының маңызы жоғалған соң, халықаралық ахуалдың жаңа шарттарында қарусыздандыру мен қауіпсіздік бойынша ынтымақтасудың ерекше тәсілі ұсынылды.

Модельдің орталық идеясы мынада: кепілді бейбітшілік пен ілгері қарыштайтын ынтымақтастық көптеген елдердің халықтары үшін – игілік, олардың ортақ ықыласы мен теріске шығаруға болмайтын тарихи дәстүрі, ал мемлекеттер мен халықтардың бейбіт халықаралық жағдайдағы дамуы – қол жетімді тапсырма болып табылады. Өзара сенім табысты ынтымақтастықтың алғышарты болып табылады және елдер арасында ынтымақтастықтың дамуына қарай нығайтылып отырады. Өзара тиімділік қағидасы мемлекеттердің әрқайсысының мүдделерін ескеру маңыздылығына баса назар аударады.

Сонымен қатар бұл концепцияда Қытай басшылығы халықтар арасында туындайтын дауларды шешудің тиімді әрі қисынды жолдары табылатын болса, көрші елдердің халықтары бейбітшілік пен үйлесімділікте өмір сүре алатын болады деген көзқарасты бекітті. 2002 жылдың қараша айында өткен Қытай Компартиясының XVI съезіндегі сөзінде Цзян Цзэминь ҚХР-дың жаңа қауіпсіздік концепциясы өзара сенім, өзара тиімділік, тең құқықтық және елдер арасындағы әрекеттердің координациясына негізделеді деп мәлімдеді [7]. Басқа қытайлық басшы, Ху Цзиньтао, мәлімдемелерінің бірінде былай деп бөліп көрсеткен: «Маңызды стратегиялық мүмкіндікті ұстану, халықаралық ортаның бейбітшілігі мен тұрақтылығына деген ұмтылыс, тату көршілік қатынастары мен өзара тиімділік факторлары – бұның барлығы өркениетті қоғамның консолидациясына, оның әл-ауқатының жоғарылауына жағдай жасайды және біздің еліміздің маңызды тапсырмасы әрі бірінші дәрежелі мақсаты болып табылады» [15].

Осылайша, «жаңа қауіпсіздік концепциясын» ұлттық стратегияның жетекші қағидасы және Қытай сыртқы саясатының аса маңызды құрамдас бөлігі деп атауға болады.

«Жаңа халықаралық тәртіп» және «жаңа қауіпсіздік» концепциялары дамуының салдары ретінде көрші аймақтармен «стратегиялық серіктестік» концепциясын есептеуге

болады, ол 2000 жылдардың басынан бері Қытайдың ресми мәлімдемелерінде жиі орын ала бастады. Пекиннің түсінігінде бұл концепция, ең алдымен, халықаралық қатынастардың негізгі субъектілерімен екіжақты қатынас жүргізуге тұрақты, салыстырмалы ұзақ мерзімді сипат беруді; қысқа мерзімді ұлттық мүдделерден гөрі ұзақ мерзімді ұлттық мүдделерді артық санауды білдіреді. Сонымен бірге, тек халықаралық қатынастардың бар жүйесіне Пекинді «ендіру» туралы сөз қозғалып қана қоймай, бүкіл осы құрылымды анық түрде қайта құру мен қазіргі кезде бар тәртіптің болашақтағы реконструкциясы туралы сөз қозғалады.

Қытай халықаралық және аймақтық қауіпсіздікке қатысты бірнеше қарама-қайшылық блоктарын бөліп шығарғанын айта кету абзал. Осы қарама-қайшылықтар асқынған жағдайда «конфликт аймақтарының» санының кеңеюіне алып келетін еді. Олардың арасында экономикалық қарама-қайшылықтар блогына Қытай ерекше назар аударды. Қытайда идеология мәселесі артқа шегерілгеннен кейін, алдыңғы қатарға экономикалық қауіпсіздік мәселелері қойылатын болды. Олар маңызды түрде жаһандық және аймақтық қауіпсіздіктің жалпы мәнмәтінін анықтай бастаған болатын.

Қытайлық сарапшылардың пікіріне сәйкес, көрші елдермен экономикалық еңбектестікті дамыту аймақтағы елдердің ортақ тұрақты мүдделерінің қалыптасуына және, тиісінше, аймақтық қауіпсіздіктің сенімді тетіктерінің құрылуына алып келуі тиіс. Әлемдік нарық үшін ашықтық жағдайындағы қытайлық экономиканың тұрақтылығы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға жәрдемдесу, осылайша, Пекин сыртқы саясатының маңызды компоненті ретінде көрініс табады. Осы құрамдас бөліктің негізгі әдістері ретінде ҚХР жариялайтын көрші елдердің ішкі істеріне қол сұқпау және сол елдерді экономикалық алмасуға белсенді түрде тарту қағидаларын атап көрсетуге болады.

Осы әдістердің маңыздылығы Цзян Цзэминь әзірлеген және 2000 жылдың наурыз айында Халық Өкілдерінің Бүкілқытайлық Жиналысының тоғызыншы шақырылымының 3-ші сессиясында жария етілген «*сыртқары жүру*» концепциясында көрініс табады [8]. Концепцияда экспорт пен ЖІӨ көлемін дүркін есе өсіру, соған қоса, ҚХР-дың кедергісіз дамуын қамтамасыз ету мақсатында халықаралық нарықтарды жаулап алу ескеріледі. Кеңірек мағынасында «сыртқары жүру» концепциясы миграцияны қолдау және «Үлкен Қытай» деп аталатын шетелдегі қытай диаспорасын қолдан келгенше нығайтуды ұйғарады.

Қытайдың сыртқы саяси концепциялары мен стратегиялары туралы сөз қозғай келе, оларды жүзеге асыруда ұлттық мүдде айтарлықтай маңызды орын алатынын айтпай кетуге болмайды. Атап айтқанда, ҚКП XV съезінің құжаттарында ұлт түсінігінің басымдылығы, қытай ұлты мен оның мүдделерінің басымдылығы туралы ойға баса назар аударылады [9]. 2008 жылдың наурыз айында Қытай Сыртқы Істер Министрі Ян Цзечи ҚХР ХӨБЖ қаулысында «халықаралық үдерістер үшін Қытай жауапкершілігінің артуы» туралы айтты, алайда, бұл үдерістер міндетті түрде елдің ұлттық мүдделеріне жауап беруі тиіс болды [6].

Қорытындылай келе, Қытай басшылығы сыртқы саясатында өзгеріссіз ұстанатын аз дегенде екі сәтті бөліп көрсетуге болады. Біріншіден – Қытайдың ішкі мәселелерін шешу үшін және мемлекеттің жалпы қуатын арттыру үшін сырттан барлық пайдалы дүниені тарту. Екіншіден – халықаралық конфликтілер мен дауларды бейтараптық позициясын сақтау және елден тыс соғыстар, қақтығыстарға қатысудан бас тарту, есесіне экономикалық мәселелер мен байланыстарға көбірек көңіл бөлу. Бұл Пекинге назарды өзіне тиісті мәселелеріне шоғырландыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі кезеңдегі Пекиннің сыртқы саяси тапсырмаларының негізгі түрткісі ретінде Қытай, басқа елдердің ілтипаттары мен қарсылықтарына қарамастан, тұтқалы позициялардың бірін иелене алатын, оқшаулануда қалмайтын, қысым мен манипуляциянылардың құрбаны болмайтын және басқа тұтқалы ойыншылар оның мүдделерін ескеретіндей құқыққа иеленетін халықаралық байланыстардың жаңа жүйесінің пайда болуына жәрдемдесу ұмтылысын есептеуге болады. Қытай сыртқы саяси концепцияларының ортақ түйіні - әлемдік қауымдастықтың барлық мүшелерімен қалыпты байланыстарды жолға қою және сақтау болып табылады.

Осы факторлар мен қағидалардың жиынтығы ҚХР-ға басқа елдермен тәуелсіз қатынастар жүргізе отырып, гегмонизм мен күштеу саясатына қарсы тұруға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. 阎学通. 中国的新安全观与安全合作构想//现代国际关系//National Social Sciences Database, URL: http://www.nssd.org/articles/Article_Read.aspx?id=1002246587 [Дата обращения: 28.12.2015]
2. 和平共处五项原则. 新华网. URL:http://news.xinhuanet.com/ziliao/2004-06/09/content_1515866.htm [дата обращения 07.01.2016]
3. Остроухов О. Внешняя политика Китая в годы реформ и перспективы ее развития// Мировая экономика и международные отношения. 1999. № 3. С.5-15.
4. Собянин А., Шибутов М.. Будет ли война в Азии? // Интернет-газета "ZonaKZ", 2008. URL: <http://www.zonakz.net/articles/?artid=20868>. [Дата обращения: 12.02.2016].
5. Свешников А.А. Концепции КНР в области внешней политики и национальной безопасности. // Китай в мировой политике. М.: РОССПЭН, 2001. 528 с.
6. Richard N. Haass. Bringing China into the fold. // Newsweek. Dec. 2008 –Jan. 2009. P.14-15.
7. Цзян Цзэминь "Всесторонне вести строительство среднезажиточного общества и создавать новую обстановку для дела социализма с китайской спецификой". Доклад на XVI Всекитайском съезде Коммунистической партии Китая 8 ноября 2002 года. Пекин: Жэньминь чубаньшэ, 2002. 56 с.
8. Гельбрас В. Г. Российско-китайские отношения и проблемы глобализации.// Восток. Афро-азиатские общества. 2007. № 1 (42). С. 2-12.
9. XV Всекитайский съезд КПК. Китайский информационный Интернет-центр. URL: <http://cpc.people.com.cn/GB/64162/64168/64568/index.html> [Дата обращения: 19.02.2016]

УДК 327.82

ГЕОПОЛИТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ВЗАИМООТНОШЕНИЙ ЯПОНИИ И США

Риб Евгения Владимировна

r.e.v.my@mail.ru

Студентка кафедры Востоковедения

Факультета международных отношений, ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – Г.К. Утеулиева

На рубеже XX-XXI вв. в существенной роли геополитического центра всемирного масштаба выступает Азиатско-Тихоокеанский регион, где происходит пересечение интересов крупнейших мировых государств. Темпы экономического роста таких стран, как Китай, Тайвань, Сингапур, Вьетнам, Южная Корея, а также Япония, являются беспрецедентными в мировой практике.

Так еще четыре десятилетия назад, в 1970-х гг. на долю Восточной Азии (включая Японию) приходилось всего лишь 4% мирового ВВП, в то время как лидирующее место с 35-40% мирового ВВП занимала Северная Америка. Однако, уже в 1990-х гг. можно проследить значительные перемены в статистических данных – оба региона имели практически равные показатели (около 25%). Одним из лидеров Азиатско-Тихоокеанского региона является Япония – подтверждением этого выступает высокий уровень ВВП страны [1]. Анализ данных тенденций подталкивает к заключению вывода, что новые геополитические вызовы двадцать первого века придутся на АТР, и именно поэтому